



Исина Ж.

**XIV ҒАСЫР ЖАЗБА
ЕСКЕРТКІШТЕРІ
ТІЛІНДЕГІ
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ
Ң СЕМАНТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

В данной статье дана классификация фразеологизмов средневековых письменных памятников по семантическим особенностям. Определены применения синонимических, антонимических и полисемических фразеологических оборотов.

The classification of phraseology of medieval written monuments by semantic peculiarities is given in this article. The usage of synonym, antonym and polysemic phraseological structures are determined.

Ортағасыр жазба ескерткіштері тіліндегі фразеологизмдерді елестетіп, мағыналық ерекшеліктерін анықтауда 4 жәдігерлікке сүйенуді жөн көрдік. Атап айтқанда, Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэтикалық романы, Сейф Сарайидің «Гүлистан би-түрки» атты проза, өлең аралас поэмасы, Хорезмидың «Мұхаббатнаме» атты лирикалық дастаны, Махмуд бин-Алидің «Нахдж әл-Фарадис» атты прозалық шығармасы, бұлардың барлығы фразеологиялық тіркестерге бай. Ғалым М.Сабыр: «Алтын Орда дәуірі ескерткіштерін зерттеу ісі, біріншіден, қазіргі қазақ тіліне бұл жәдігерліктердің қатысы қаншалықты дәрежеде, қазақ тілінің орта түркі тілінен алар сыбағасы, үлесі қандай деген «патриоттық» мәселені анықтау үшін қажет», - деген өзекті пікір білдірді [1.190].

Жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологизмдердің ұлттық сипатын, танымдық табиғатын фонетикалық, грамматикалық, семантикалық ерекшеліктері мен стилистикалық қызметінен көруге болады. Аталған ерекшеліктерді анықтау үшін тарихи фразеологияға жүгінеміз. Тарихи фразеология мәселесін зерттеген І.Кенесбаев мынадай пікір білдірді: «Көптеген тіркестер теориясын тарихқа байланыстыра тексергенде ғана фразеологизмдердің туу жолдарын толық біле аламыз. Ол – түсінікті де. Тіркес этимологиясын ашу үстінде өзге тілдерге де қатысты ортақ құбылыстардың басы ашылмақ. Құрылымы бір немесе бөлек тілдердің ортақ және айырма қасиеттеріне ұластыра, жүйелі талдау фразеологизм үшін де мейлінше қажет. Басқасын былай қойғанда, бірнеше ортақ нақтылы бір фразеологизмнің өзі бірде тұлғасы ортақ, мағынасы бөлек, енді бірде керісінше болып келетін реттерін ескере отырған мақұл» [2.223]. Осы тұрғыдан қарағанда жазба ескерткіштер тіліндегі тұрақты тіркестерді мағыналық тұрғыда топтастырудың маңызы зор. Фразеологизмдердің табиғатын тануда мағыналық, құрылымдық, стилистикалық т.б. жағынан жіктеудің ерекшелігі жөнінде кейбір ғалымдар сөз қозғаған болатын (Қайдаров, Жайсақова, 1979). Ескерткіштер тіліндегі фразеологизмдерді тұрақты тіркестердің біртұтас мағынасы мен оны құрастырушы сыңарларының мағыналарының ара қатысы тұрғысынан үш түрге бөліп қарастырған болатынбыз. Сонымен қатар фразеологизмдерді жан-жақты тануда оны мағыналық, құрылымдық, стилистикалық т.б. жағынан классификациялаудың зор маңызы бар. Ө.Т.Қайдаров: «Фразеологизмы весьма сложные лингвистические образования, сложность их объясняется не только множеством структурных типов и синтаксических моделей, но и тематической многоплановостью, а также способностью выражать самые различные эмоционально-экспрессивные оттенки мысли. Характерно, что этими особенностями нацелены фразеологические единицы во многих языках, но не во



всех они одиноковы», [3.3] - десе, орыс тіліндегі фразеологизмдерді тарихи тұрғыдан қарастырған Б.А.Ларин ерекше метафоралы тіркестерді атап көрсетті. Еркін тіркестердің фразеологиялық тұтас-тыққа (идиомаға) айналуындағы негізгі қажеттілік, ол – семантикалық баю деп аталатын метафоралану құбылысы, яғни мағынаның кеңеюі мен баюының нәтижесінде болатын бейнелілік деген пікір білдірді [4.145]. Сондықтан орта түркі тіліндегі фразеологизмдерді семантикалық тұрғыдан классификациялау өте маңызды мәселе.

Орта ғасырларда біртұтас тіл қалыптасқандығымен, оларда қыпшақ элементтері мен оғыз элементтері аралас келіп отырды. Таза қыпшақ тілінде жазылған ескерткіш жоқтың қасы. Әйткенмен, ескерткіштердің бір тілдің ғана негізінде жазылатынын ескерсек, жәдігерліктер тілін түбегейлі зерттеуге мүмкіндік туады.

Ескерткіштің аралас тілде жазылғандығы жұрнақтардың мағыналарынан да анық көрінеді. Мысалы, жалпы түркілік *йем* сөзі XIII ескерткішінде «тамақ» деген мағынада қолданылған. Ал қазіргі түркі тілдерінің көпшілігіне тән негізгі мағынасы – жем [5,60]. Бұл сөз қыпшақ тілдерінің ішінде қазақ тілінде «тамақ» түрінде қолданысқа ие.

Жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологизмдерді семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастыру барысында проф. Б.Әбілқасымовтың үлгісінде қарастырдық:

1. Тұлғасы мен мағынасы жағынан қазіргі қазақ тіліндегі фразеологизмдерге сай келетін тұрақты тіркестер.
2. Тұлғалары ұқсас, бірақ беретін мағыналары өзгеше фразеологизмдер.
3. Мағынасы қазақ тіліндегі фразеологизмдерге ұқсас болғанымен, құрылымдық жағынан (фонетикалық, морфологиялық) өзгерістерге ұшыраған фразеологизмдер.
4. Қазақ тілінде мүлде кездеспейтін фразеологизмдер.

1. Жазба ескерткіштер тілінде қазақ тіліне жеткен фразеологизмдер көптеп кездеседі. Ескерткіш лексикасындағы фразеологизмдердің басым бөлігінің қазақ тіліне ұқсас болып келуі олардың кумулятивтік қасиетінің нәтижесінде этномәдени сипатының маңыздылығын айқындауға мүмкіндік береді. Жәдігерліктер тіліндегі тұлғасы мен мағынасы қазақ фразеологизмдеріне ұқсас боп келетін тұрақты тіркестерге тоқталсақ.

Ішінгә от түшүб қайнады қаны «ішіне от түсіп, қайнады қаны» (Г, 136). Сөйлемдегі «қаны қайнау» тұрақты тіркесі қазіргі қазақ тілінде де сол күйінде өзгеріссіз қолданылады, екі дәуірде де «ашулану, ызалану» мағынасын береді.

Сөзүмні тыңлаған хайран қалу (XIII, 85p22). Берілген мысалдағы «хайран қалу» фраземасы қазақ тілінде де өзгеріссіз, «таң қалу» мағынасында қолданылады.

Қылыб ішрәт бу йанлыг түн қата хош «осындай тойды тойлап түн қатып хош» (XIII, 28p15). «Түн қату» тіркесінің қазақ тіліндегі беретін тура мағынасы «түнделетіп жүру, ұйқысыз жүру».

Тутулды ерсә Нушарванның айы «тұтылар болса Нушарванның айы» (НФ, 8в3). Берілген сөйлемдегі «айы тұтылу» фраземасы қазақ тілінде де активті қолданылып, «бақытсыздық пен қаралы күн мағынасын» береді.

Бу сө үзрә тәлім ант ішті «бұл сөзге қосып көп ант ішті» (XIII, 9в18). *Ант ішті* фраземасы қазіргі қазақ тілінде де «сендіру» мағынасында қолданылады.

Сағындым ерді кім балта салдың «сағынған едім, балта салдың, аямадың» (Мн, 1в29). «Балта салу» фраземасы «қор қылу, жаншу» мағынасын береді.

Түгәтти сөз белін байлады қобты «сөзін бітірді, дайындалды, тұрды» (Г, 14а3). «Белін байлау» тұрақты тіркесі қазақ тілінде де қолданылады, «шешімге келу» деген мағынаны береді.

Берілген тіркестер қимыл-әрекетті белгілі бір әрекетпен, құбылыспен салыстыра қолдану арқылы фразеологизмдерге айналған. Екі дәуірде де бейнелі, образды мағыналарға ие.

2. Тұлғалары ұқсас, бірақ беретін мағыналары өзгеше фразеологизмдер де ескерткіштер тілінде кездесіп отырады. Мысалы, *Бу ышқ аңсыз көңүлге от салды* «бұл ғашықтық аңсыз көңілге от салды» (Мн, 40р3). Сөйлемдегі «от салу» тіркесі ескерткіш тілінде «елең еткізді, көңілін алаңдатты» мағынасын берсе, қазақ тілінде «араздастыру, айдап салу» мағынасына ие. Осы тәрізді тағы бір мысал «ат қоймақ» фраземасы ескерткіштер тілінде «сапарға шығу, алыс жолға шығу» деген мағынаны береді: *Недін бу Шырын ат қоймақ* «неліктен бұл Шырын жолға шықпақ» (XIII, 42р32). Қазақ тілінде «ат қоймақ» тіркесі көне дәстүрге байланысты қолданылады. Қазақ халқында «ат қою» фраземасының атты адамның қаралы үйге «ой, бауырымдап» шауып келуі дәстүріне байланысты мағынасы өзгерген. «Көзін жұму» тұрақты тіркесі ескерткіш тілінде «көргісі келмеу, жек көру» мағынасына ие: *Көзүмні*



йумғамән әдгү йамандын «көзімді жұмып қашқақтаймын езгі жаманнан» (ХШ, 60в36). Қазақ тілінде «көзін жұму» фраземасы «тәуекелге бару, дүниеден өту» мағыналарына сәйкес келеді.

Мағынасы қазақ тіліндегі фразеологизмдерге ұқсас болғанымен, құрылымдық жағынан (фонетикалық, морфологиялық) өзгерістерге ұшыраған фразеологизмдер ескерткіштер тілінде көптеп кездеседі. Олардың қатарына:

ауара қылды - әуре қылды, *қанаат қылды* – қанағат қылды, *чичәктег солды* – шешектей солды, *ағу тіллі* – у тілді, *қыл йарған* – қыл жарған, *түн йарымы* – түн жарым, *көңүл құшы* – көңіл құсы, *көз йашун ақтурды* – көз жасын ақтарды, *көңіл соңқуры* – көңіл сұңқары, *йети қат йер* – жеті қат жер, *уафат болды* – опат болды, *шәкәр ерін* – шекер ерін, *арслан йүрәк* – арыстан жүрек, *йер йүзі* – жер жүзі, *құлақ тутты* – құлақ салды, *раст сөз* – рас сөз, *қабул қыл* – қабыл қыл, *йигит болды* – жігіт болды.

4. Жәдігерліктер тілінде қазіргі қазақ тілінде ұшыраспайтын тұрақты тіркестер де көрініс береді. Бұлардың ішінде авторлық қолданыстан туған тіркестердің болуы да ғажап емес. Солардың дәлелі ретінде бірнеше тұрақты тіркестерді мысал ретінде қарастырсақ:

Біліг қамчысы – білім қамшысы. Біліг қамчысыны елгә алыб «білім қамшысын қолға алып» (ХШ, 6р9).

Ақыл құлақы – ақыл құлағы. Ішіт йөндіміні тут ақылын құлақын «есіт өсиетімді, тұт ақылыңның құлағын» (Г, 48в20). Қазіргі қазақ тілінде ел құлағы, құйма құлақ тәрізді тіркестер кездескенімен, ақыл құлағы тіркесі қолданыста жоқ.

Зулум қамчысы – зұлымдық қамшысы. Зулум қамчысы кетті ерсә елдің «Зұлымдық қамшысы кетер болса қолдан» (НФ, 9в22).

Дәвләт аты – Дәулет аты. Дәвләт атыңға атлаңыб қош «Дәулет атына мініп хош» (ХШ, 6р10).

Көңүл соңқуры – көңіл сұңқары. Көңүл соңқуры талбыб үзді бағын «көңіл сұңқары талпынып үзді бауын» (ХШ, 98в25).

Қадғу теңізі – қайғы теңізі. Қобуб қадғу тәңізіндин булут һәм «көтеріліп қайғы теңізінен бұлыт та» (ХШ, 113р37).

Берілген тіркестердің кейбірі қазақ тіліндегі *көңіл құсы*, *бақыт құсы*, *қайғының қамалы* тәрізді тіркестермен сабақтасып жатыр.

Жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологиялық тіркестерді семантикалық сәйкестіктеріне сай қазіргі қазақ тіліндегі фразеологиялық бірліктердің баламасы деп қарауға болады. Ескерткіш тіліндегі тұрақты тіркестер құрамында антонимдік, синонимдік, полисемиялық тіркестердің кездесіп отырады.

Фразеологизмдер жүйесінде антонимдік оралымдар сирек кездесетін құбылыс. Көне қыпшақ тілінде кездесетін фразеологиялық бірліктердің құрамында антонимдік тіркестер аз да болса кездеседі. Мысалы, ескерткіштер тілінде *ай йүзүм*, *күнәш йүзді*, *йүзі гүл* тұрақты тіркестері әдемілікті, нәзіктікті бейнелесе, *булут йүзлүг* тіркесінің тура мағынасы «қара жүзді» болса, ауыспалы мағынасында зұлымдықты, жауыздықты білдіреді. *Айы тұтылды* тіркесі «бақытсыздық» ұғымымен ассоциацияланса, *күні тоғды* тіркесі жақсылықтың келуі мен бақыттың басталуы ұғымымен астасады.

Сол тәрізді *сүчүг тілліг* «тәтті, шешен, тілі майда» мағынасын берсе, *ағу тіллі* «у тілді, өткір сөзді» деген қарама-қарсы мағынаны береді. «Өнер алды - қызыл тіл» демекші сөз өнерін жоғары бағалаған қазақ халқының өмірінде қазақ тілінің алар үлесі мол. «Қара қылды қаш жарған» билер мен төрелер тілінің ащы, өткір болуы заңды да. Жазба тілдегі тұрақты тіркестердің қазақ этносына тән сипатының бірі қыры осы.

Жәдігерліктер тілінде синонимдік тіркестер де жиі кездесіп отырады. Фразеологиялық синонимдер мән-мағына жағынан бір-біріне үйлесе келіп отырады. Бірақ өзіндік стильдік және мағыналық қасиеттерімен ерекшеленеді. Қазақ тіліндегі фразеологиялық синонимдерді зерттеген І.Кеңесбаев: «Синоним фразеологизмдерде ешбір компонент қайталана алмайды. ФЕ-лердің мағыналық жуықтығы болғанымен, тұрпат жуықтығы болмайды.» - деген еді [2,198]. Бұл пікірді жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологиялық синонимдер де дәлелдей түседі, олардың құрамындағы компоненттердің қайталанып келмеуі қазақ тіліне тән сипатта қалыптасқандығын білдіреді.

Айы тұтылды//вақты йетті//жан берді//жаны учты - өлді. Тутулды ерсә Нушарваннын айы (ХШ,8в3). Бу сөз айғынча нәчәһ вақты йетті (ХШ, 49р14). Тәні тобраққа кірді, жаны учты (НФ, 49р19).

Ай йүзүм//йүзі гүл//йүзі күн//толун ай – сұлу, әдемі; йолға кірді //йолға мүнді//йол тартты//йол тутты//ат қоймақ – жолға шықты, сапарға аттанды. Гүл гунны көрді ол йүзі гүл (ХШ, 30в37). Көрәр кім



сувка кірміш бір йүзі күн (ХШ, 23р31). Тіләб күн-түн уғандын ай йүзүмні (ХШ, 24в22). Нитэк келдін бу йергә әй толун ай (ХШ, 93в16).

Қадғу йеді // көзінен қан ақты – қайғырды, зар еңіреді. Көзіндін қанлар ақар Шырын тесә (ХШ, 62в37). Күлә айтур қадғу йема әй шаһ (ХШ, 91в8).

Мағыналас фразеологизмдердін ұлттық-мәдени аспектілерін зерттеген Г.Н.Смағұлова: «Синоним фразеологизмдерді бір-бірінен стильдік қолданылуы мен өзінің эмоционалды-экспрессивті әсерді тең тұрғыда түсінгеннен гөрі бұлардың бір-бірін толықтырып тұратын қасиеттеріне көбірек көңіл бөлген жөн,» - дейді [6,18]. Шынында да жазба мұрағаттардағы синонимдік, мағыналы тұрақты тіркестер бір-бірін стильдік, эмоционалды-экспрессивтік қырынан толықтырып тұрады.

Көпмағыналылық (полисемия) – жеке сөздерге тән болса да, жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологизмдер құрамында аз да болса кездеседі. І.Кеңесбаевтың пікірі бойынша, фразеологизмдерге тән көпмағыналылық екі түрлі жолмен жасалады. Бірі – жалғаса туатын мағына да, екіншісі – жарыса туатын мағына. Жазба жәдігерліктер тілінде кездесетін полисемиялық тұрақты тіркестердін дені жарыса туатын мағынада жасалған. Мысалы, *айы тұтылу* – 1) қайғылы жағдай, өлім 2) ел басына қиындық туған күн 3) сәтсіздік; *ағу тіллі* – 1) ащы тілді 2) шешен; ат қоймақ – 1) сапарға шығу. 2) шабуыл жасау. Недін бу Шырын ат қоймақ (ХШ, 42р32); *көзін йүмды* – 1) дүниеден өтті 2) көргісі келмеді; *от салу* – 1) ғашық болу. Бу ышқ ансыз көңүлгә от салды (ХШ, 40р34).

2) араздастыру; *еліні тұту* – 1) татуласу, ымыраға келу. Ата өлтүргүші му еліні тутғай (Мн, 33р12). 2) ұнату. Әгәр Шырын еліг тутса кутулдым (ХШ, 40в11).

Көне қыпшақ тіліндегі фразеологизмдер құрамындағы кей сөздер семантикалық құрамы жағынан ерекшеленеді. Мұндай сөздер туралы І.Кеңесбаев өзінің зерттеу еңбегінде мынадай тұжырым жасайды: Фразеологизмдердін ішіндегі кейбір сөздер семантикалық жағынан ерек байқалып, түп қазық есебі қызмет атқарады. Ондай сөздер әлденеше фразеологиялық бірліктерде қайталанып отырады. Оны «*ұйытқы сөз*» деп атаған мақұл. Мәселен, тіл, жүрек, көз, ауыз, табан, қол, бас, ит, жер т.б. сөздер осындай ұйытқы сөздер қатарына жатады [2.240]. Көне қыпшақ тіліндегі тұрақты тіркестерге ұйытқы болған сөздердін басым бөлігі зат есімдерден, кей жағдайда сан есімдерден құралады. «Фразеологизмдерді сөз таптарының қатарына жіктегенде, олардың құрамындағы қайсыбір сөздін ұйытқы сөз болуы ескерілмейді. Ұйытқы сөздін қай сөз табынан болуына қарай, еркін сөз тіркестері субстантивті, адъективті, вербалды және адвербиал сөз тіркестері болып бөліне, фразеологизмдерді сөз таптарына телуде, олардың семантикалық дамудың нәтижесінде пайда болған фразеологиялық мағынасы негізге алынады» [2.469]. Ұйытқы сөздер фразеологизмдердін қалыптасуында семантикалық жағынан негізгі ұғымды білдіріп, басқа сөздерді өз айналасына топтап, идиомалаңдырып тұратын сөздер болады. Олар фразеологизмдердін тууына түп қазық, тірек қызметін атқарады. Кез келген сөз фразеологизмге ұйытқы бола алмайды. Тілдің лексикалық құрамының негізін қалаған, халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан байырғы сөздері ғана фразеологизмге ұйытқы бола алады. Ондай сөздер қазақ тілінің негізгі сөздік қорына жататыны белгілі. Негізгі сөздік қорға кіретін байырғы сөздердін ішінде фразеологизмдерге ұйытқы ретінде жиі кездесетін сөздер адамның дене мүшелерінің (соматикалық) атаулары. Ұйытқы сөзді анықтаудағы қазақ тіліне тән ерекшеліктер ескерткіштер тіліне де тән қасиет. Мысалы,

Көз сөзінің ұйытқы болуымен: *көзін ач* – көзін аш, *көз йашын ақтурды* – көз жасын ақтарды, *көз салды* – көз салды;

Жер сөзінің ұйытқы болуымен: *жеті қат йер* – жеті қат жер

Ай сөзінің ұйытқы болуымен: *ай йүзүм* – ай жүзді, *толун ай* – толған ай т.б.

Көңіл сөзінің ұйытқы болуымен: *көңүл құшы* – көңіл құсы, *көңүлі тар* – көңілі тар, *көңүлі йарым* – көңілі жарым, *көңүл соңқуры* – көңіл сұңқары т.б.

Фразеологизмдік ұйытқы сөздердін немесе фразеологизмдердін құрамындағы сөздердін кейбірі қазіргі кезде жеке қолданылмайды, олар кез келген сөзбен тіркеспейді. Мағынасы үйлескен белгілі сөздермен ғана тіркесіп, солардың аясында жұмсалады. Жеке алғанда олардың мағыналары да белгісіз немесе күңгірттенген. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер шығу тегі жағынан көне түркі дәуірімен де, орта түркі заманындағы қыпшақ қауымымен де, қыпшақ қауымынан бөлініп қазақтың өз алдына халық, одан соң ұлт болып дамыған дәуірімен де байланысты. Сол дәуірлердін бәрі де фразеологизмдердін қалыптасуында өз ізін қалдырғаны даусыз. Сонымен бірге дайын қалпында қабылданып, қолданысқа түскен кірме фразеологизмдер де баршылық. Тұрақты тіркесті мағыналық жағынан жүйелеп тұратын ұйытқы сөз негізінен түп-тамыр қызметін атқарады.



Мұрағаттардағы тұрақты тіркестер құрамындағы ұйытқы сөздердің басым бөлігі адамның бет-келбетіне, дене мүшесіне қатысты болып келеді. Атап айтқанда: *йүз, ерін, бағыр, тіл, бойун, ел, көз, йүрәк, ағыз, құлақ* т.б. Мысалы, *ағу тіллі, ай йүзүм, шәкәр ерүн, бағры таш, ақыл құлақы, ач көзлү, еліні тұт* т.б. Ұйытқы сөзі жан-жануарлар атауы болып келетін тұрақты тіркестердің кездесуі күнкөрісі мал шаруашылығы болған қазақ халқының орта ғасыр жазба ескерткіштерінің мұрагері екендігінің тағы бір дәлелі. Мысалы, *даулат аты* – дәулет аты, *құлдан көңүл* – еркіндік, *мурадың соңқұры* – арман.

Берілген мысалдардағы тіркестер жасалу жолдарымен айрықшаланып, жанды мен жансыздың мағыналық байланысуының негізінде ерекше қолданысқа ие.

Жазба тілдегі фразеологизмдердің бір тобы адамның көңіл-күйі, ішкі сезіміне құрылған. Мысалы, *көңүлі тар, умынчын үзді, хайран қалды, зұлум қамчысы, ақыл тізгіні, көз тегмәсүн, йүрәкіндә от йанды* т.б. Қоршаған ортаға байланысты: *сары алтун, қыш чечәки, қадғу теңізі* т.б. мысалдарды келтіруге болады. Тұрақты сөз тіркестерін түрлі мағыналық топқа бөліп қарастыруда олардың семантикалық, эмоционалды-экспрессивті, кумулятивті сипаттарын анықтауға мүмкіндік туады. Нәтижесінде көне қыпшақ тілі фразеологизмдерінің қазақ тілінің лексикалық қорынан алатын үлесінің молдығын байқаймыз. Фраземалардың ішкі формасындағы ұлттық-мәдени коннотацияның терен құрылымдық табиғатын көрсетудің нәтижесінде орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінің ерекшелігін анықтай аламыз.

Қорыта айтқанда, көне қыпшақ тіліндегі тұрақты тіркестердің ұлттық сипаты олардың семантикалық ерекшеліктерінен анық көрінеді, өйткені фразеологиялық жүйедегі тілдік құбылыстар қазақ халқының дүниетанымымен, тарихымен, мәдениетімен, рухани жан-дүниесімен, психологиясымен және менталитетімен тығыз байланысты.

Әдебиеттер:

1. Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде) – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 б.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. - Алматы, 1987. - 213б.
3. Қайдаров А.Т. Образно-фондовая основа устойчивых выражений, связанных со скотоводством, в казахском языке. // Известия АН КазССР. Серия филологическая, 1989. - с.383.
4. Ларин. Б.А. История русского языка и общее языкознание. -Москва: Просвещение, 1977. – с.222.
5. Керімұлы Ә. Түркі әдебиеті ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғасыр). - Алматы, 1999. – 213б.
6. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. - Алматы, 1998. – 176б.